С.Сейфуллиннің 120 жылдығына арналған **«Сейфуллин оқулары–10: Мемлекеттің индустриалды–инновациялық саясатын құрудағы бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау келешегі мен ғылымның рөлі**» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения–10: Новые перспективы подготовки конкурентоспособных кадров и роль науки в формировании индустриально-инновационной политики страны»,** посвященная 120-летию со дня рождения С.Сейфуллина**.** – 2014. – Т.I, ч.2. – Б.118-120

# ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ АГРАРЛЫҚ СЕКТОРЫН МЕМЛЕКЕТТІК ҚАДАҒАЛАУДЫҢ ТЕОРЕТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ ЖӘНЕ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

***Тилеубергенова А.***

Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешені ел экономикасының негізгі ұдайы өндірістік салаларының бірі болып табылады. Жалпы ұлттық табыстың 1/3 бөлігі осы кешенге қатысты. Сол себепті де ауыл шаруашылық саласын қолдау мемлекеттің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Халық шаруашылығының дәл осы саласы нарыққа және бәсекелестікке ең төменгі дәрежеде бейімделеді. Агроөнеркәсіптік кешенге мемлекет қадағалауының қажеттілігі бірқатар жағдайлармен сипатталады, соның ішінде агроөнеркәсіптік және шикізат нарығының макроэкономикалық жағдайға әсер ету, табиғи факторлардың ауыл шаруашылық өндірісі тиімділігіне әсер етуі, ауыл территорияларының демографиялық рөлі.

Аталғанның бәрі аграрлық экономиканы мемлекеттік қадағалаудың объективті қажеттілігіне алып келеді және келесі міндеттерді алдына қояды:

Біріншіден, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек. Қазақстан үшін толық экономикалық қауіпсіздік бұл азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыздандыру.

Екіншіден, жалпы халқының 42,6% ауыл тұрғындары құрайтын мемлекет үшін ауыл шаруашылық өндірісін дамыту ең алдымен жұмыссыздық мәселесін шешуге мүмкіндік береді. Тұрақты жұмыспен қамтылудың жоғары деңгейі, біркелкі табыс әлеуметтік тұрақтылыққа ықпал етеді.

Үшіншіден, ауыл шаруашылық саласының даму нәтижесінде барлық экономика үшін мультипликациялық әсердің рөлін ескерген жөн. Ауыл шаруашылығы, соның ішінде бидай және ет өндірісі ішкі сұраныс генераторы болып табылады. Ауыл шаруашылығының басқа да салалармен қатынасы өте жоғары.

Төртіншіден, Қазақстан ауыл шаруашылығын дамыту және сыртқы нарыққа отандық өнімді жылжыту үшін қажетті табиғи ресурстарға бай. Болашақта осы сала қатаң валютаның нақты және маңызды көздеріне айнала алады. Бұл үшін мемлекет өнімнің бәсекеге қабілеттілігін жоғарлату үшін барлық жағдай жасауы қажет және республика аумағында және сыртқы нарықтағы көлік коммуникациясы мәселелерін шешуі қажет.

Ауыл шаруашылығы кешені үш функционалдық саланы біріктіреді:

- ауыл шаруашылығы үшін өндіріс құралдары мен қызметтер өндіретін қор қалыптастырушы салалар;

- ауыл шаруашылығы (өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы);

- ауыл шаруашлығы шикізатын дайындау, сақтау, қайта өндіруді және АӨК-тің соңғы өнімін өткізуді қамтамасыз ететін өндіріс пен салалардың жиынтығы.

Осыдан АӨК-тің негізгі экономикалық функцияларын атап көрсетуге болады:

- меншік түрі әркелкі кәсіпорындар мен ірі, орта, кіші шаруашылықтардың рационалды үйлестірілуі;

- ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп аралығындағы АӨК-те баға паритетін сақтау және қамтамасыз ету;

- аграрлық секторды қамтамасыз ету және ғылыми-техникалық жаһандану үрдісінің жетістіктерін қолдану үшін инвестиция деңгейі, кооперативтік байланысты дамыту;

- реформалаудың эволюциялық сипаты, соның ішінде ірі шаруашылықтар үшін;

-нарықтық принциптер мен мемлекеттік ықпал етудің үйлесімдігі, АӨК бойынша ауыл шаруашылығы серіктестері мен коммерциялық құрылымдардың тарапынан болатын монопиялаға жол бермеу,

- отандық өнім өндірушіні қорғау бойынша шаралар жүйесі.

Қазақстанда аграрлық реформаны жүзеге асыруда меншіктің көптүрлігіне негізделген жаңа құрылым пайда болды. Ауыл шаруашылығы және қайта өндіруші кәсіпорындардың біраз бөлігі жаңа ұйымдастырушылық формаларда қайта құрылды: акционерлік қоғамдар және серіктестіктер, өндірістік кооперативтер, фермерлік шаруашылықтар, мемлекеттік кәсіпорындар.

Қазіргі таңда АӨК саласында қызмет ететін субъектілерді қарастыратын болсақ, онда негізгі үлес шаруа қожалығына тиесілі –барлық субъектілердің 93,5%. (1 сурет)




1-сурет. ҚР бидай өндірісі субъектілерінің құрылымы

*Ескерту. ҚР статистика агентігінің мәліметтері бойынша*

Агроөнеркәсіп өндірісін мемлекеттік қадағалау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылуы қажет:

1. мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін ынталандыру;
2. қаржыландыру, несиелендіру, сақтандыру және салық салу;
3. ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп аралығындағы ғылыми негізделген эквивалентті қарым қатынастарды орнату;

4. ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін жалпы енгізу үшін жағдай жасау, ауыл шаруашылығы ғылымын дамыту және ауылдағы әлеуметтік саланы дамыту;

5. сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру барысында отандық тауар өндірушілер мүддесін қорғау.

Сонымен қатар мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру барысында келесі факторларды ескерген жөн, атап айтқанда:

- тиімді қолдану мақсатында өндірісті рацирналды түрде орналастыру;

-өсімдік өсіруде өнім өнімділігі және мал өнімділігін арттыру үшін технологияларды қолдану,

- саяси тұрақсыздық пен әлеуметтік күйзелістің ауыл шаруашылығына ықпал етуі.

Жоғарыда аталған 3 факторға қарағанда аграрлық сектордың маңызды бағыттарын мемлекеттік қадағалауға негізгі көмек көрсетуші аумақтық-экономикалық белгі бойынша көрсетілетінін көруімізге болады. Қазақстан аумақтары өзінің жеке ерекшеліктерімен өзгешеленеді, мысалы Қазақстан Республикасы үкіметінің кластерлік бастамасы. Кластердің потенциалды қатысушыларының географиялық жақындығы жалпы агроөнеркәсіп кешенін дамытуда кластерлік ықпалды қолдануға мүмкіндік береді.

Ет және күріш салалары ішкі нарыққа бейімделген және жалпы салалық даму барысында жетіледі.

Мемлекеттік қадағалаудың негізгі құралдарының бірі бұқаралық ақпарат саласы. Соның ішінде агроөнеркәсіптік сектор субъектілеріне ақпараттық және консультациылық қамтамасыз ету. Қазіргі таңда экономикалық және технологиялық мәселелер бойынша тауар өндірушілердің ақпаратпен қамтамасыз етілудің төменгі деңгейі орын алып отыр. Сол себепті де ақпараттық құрылымды кеңейту қажеттілігі туындап отыр. Оның негізгі мақсаты – ауыл шаруашылығын тиімді жүргізу үшін тауар өндірушілерге экономикалық және технологиялық сипаттағы ақпараттық көмек көрсету.

*Ғылыми жетекші- Рүстембаев Б.Е., э.ғ.д., профессор*